

**«Гүлдер» балабақшасындағы жалпы ата-аналар жиналысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

13.09.2024ж

Қатысқаны : 60

Күн тәртібі

алабақшадағы күн тәртібі

оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау
алабақшаға келу ережелерімен таныстыру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова сөз сөйледі. Сөз барысында ата-аналарды балабақшадағы күн тәртібімен таныстырды. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін күн тәртібінің пайдасы туралы айтты. Баланың дұрыс дамып өсуінің, тәрбиеленуінің негізі – күн тәртібі. Балабақшадағы күн тәртібі тәрбиеге ғана емес, сонымен бірге балалардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған. Негізгі ұйымдастырушылық тұстары: тамақтану; гигиеналық дағдылар; ұйқыны ұйымдастыру; мәдени тәрбиелеу; физикалық дамуды ұйымдастыру; білім беру үдерісі. Балалардың дұрыс дамуы күн тәртібімен қамтамасыз етіледі. Балабақша үшін ұсынымдар мен талаптар санитарлық қағидаларға негізделіп, заңнамалық деңгейде бекітілген. Балабақшадағы топтың күн тәртібі балалардың жасына байланысты жасалады.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша директоры жаңа оқу жылында жаңадан ата-аналар комитетінің құрамын сайлауға шақырды. Ата-аналар ақылдаса келе, Абдығалиев Ербол Аскарович «Лалагүл» тобының және Дуйсенбай Айгул Жауынбайқызы «Түймедақ» тобының ата-аналары сайланды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі К.С.Касымжанованың баяндамасы тыңдалды. Өз баяндамасында ата-аналарды екпенің маңыздылығы туралы мәліметтермен, балабақшаға келу ережелерімен таныстырды және балабақшадағы тамақтану туралы айтып өтті. Балабақшаға келген балалардың екпелері түгел болуы шарт. Балабақшаға келген балалар ауырып тұрмауы қажет. Сақтық шаралардың сақталуын түсіндірді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе ата-аналар жиналысы
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Балабақшадағы күн тәртібі сақталсын

2. Ата-аналар комитетінің құрамына Абдығалиев Ербол Аскарович және Дуйсенбай Айгул Жауынбайқызы сайлансын.

3. Балабақшада сақтық шаралары сақталсын



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы : Ә.Чалмахсимова

**«Гүлдер» балабақшасындағы жалпы ата-аналар жиналысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

23.05.2025ж

Қатысқаны : 80

Күн тәртібі

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңінде жұмыс уақытымен таныстыру.
3. Балабақшадағы сергіту сәттерінің ролі -

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова балабақшаның 2024-2025 оқу жылының қорытындысына тоқталды. Оқу жылының нәтижелері презентация түрінде ұсынылды. Ата-аналар балалардың жетістіктерімен, балабақшада өткен іс-шаралармен танысты. М.Овезова балаларды жаңа оқу жылына дайындау бойынша ұсыныстар берді.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңінде атқаратын жұмыстары туралы айтты. Ол жаз мезгілінде мерекелік іс-шаралар, спорттық мерекелер ұйымдастырылып, серуендеу ұзақтығы да арта түсетінін жеткізді. Бұл жағдайда балабақшаның негізгі міндеті - өсіп келе жатқан организмнің демалысқа, шығармашылық белсенділікке және қозғалысқа деген қажеттілігін барынша толық қанағаттандыру. Ата-аналарға жаз мезгілінде балалар жарақатының алдын алу бойынша ұсыныстар берілді.

3. Үшінші мәселе бойынша «Түймедақ» тобының тәрбиешісі Н.Ержанова ұйымдастырылған оқу-қызметі барысында сергіту сәтін өткізудің маңыздылығы туралы айтты. Сергіту сәті баланың демалуына жағдай жасап қана қоймай, ой-қиялын дамытып, дүниетанымын кеңейтетінін және сабақтың қызықты өтуіне тікелей ықпал ететінін түсіндірді. Сергіту сәтін ата-аналарға да ұйымдастырды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе ата-аналар жиналысы
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Балабақша педагогтері мен ата-аналар бір-бірімен қарым-қатынаста болып, балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасасын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне сайтты дайындауда педагогтерге көмек көрсетілсін. Жазғы сауықтыру кезеңінде ата-аналар өмір қауіпсіздігі бойынша нұсқауларды орындасын, сақтық шаралары сақталсын.
3. Балалардың көңіл-күйін дамытуға арналған жаттығулар – сергіту сәттері тақырыпқа сай пайдаланылсын



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы : Ә.Чалмахсимова